

К.Б. Мухаметкалиева<sup>1</sup>, Б.Ж. Атантаева<sup>2</sup>, Р.Д. Ахметова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Phd докторант, Шәкәрім университеті, Қазақстан, Семей  
E-mail: [karlyga.m@mail.ru](mailto:karlyga.m@mail.ru)

<sup>2</sup>тарих ғылымдарының докторы, профессор, Шәкәрім университеті, Қазақстан, Семей  
E-mail: [batantaeva@mail.ru](mailto:batantaeva@mail.ru)

<sup>3</sup>тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Шәкәрім университеті, Қазақстан, Семей  
E-mail: [r.d.akhmetova@mail.ru](mailto:r.d.akhmetova@mail.ru)

## 1920 ЖЫЛДАРДАҒЫ СЕМЕЙ ӨңІРІНДЕГІ АҒАРТУ ІСІ МЕН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ОҚЫТУДА ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

### Аңдатпа

Мақалада интерактивті оқыту әдісі мен цифрлық құралдарды қолдануға негізделген зерттеу тақырыбы бойынша семинар сабағын өткізу әдістемесі қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінің талаптарына сай бейімделген оқу сабағының құрылымы мен мазмұнын көрсететін дидактикалық материал келтіріледі. Семинарды өткізу алгоритмі білім алушылардың өңірлік тарихи ахуалды талдауға және олардың танымдық қызметін жетілдіруге алғышарт болатын іскерлік ойын логикасы мен проблемалық-зерттеу тәсілі негізінде құрылады. Мақалада оқу іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін қамтитын семинар сабақтың құрылымы сипатталған: тақырыпқа көрнекі таныстыру ретінде архивтік фотосуреттер мен бейне-материалдарды назарға ұсыну, «миға шабуыл» және «Аквариум» форматындағы пікірталастар, зерттеушілік мазмұндағы тапсырмаларды топтық орындау, викториналар мен рөлдік ойындар өткізу. Сабақтың әр элементі білім алушылардың дереккөздерді сыни ойлауын қалыптас-тыруға, тарихи фактілерді түсіндіруге және өз көзқарастарын дәлелдеуге бағытталған.

Мақалада оқу іс-әрекетін тиімді ұйымдастыруға ғана емес, сондай-ақ цифрлық сауаттылықты, топтық жұмыс және коммуникация дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін «Learningapps.org», «Kahoot» және «Padlet» сандық құралдар сабақтың барысына оңтайлы кіріктіріледі. Авторлар интерактивті платформаларды пайдалану оқытушының оқу процесін ұйымдастырудағы мүмкіндіктерін арттырып, білім алушылардың оқу үдерісіне ынтасын күшейтетіндігін сөз етеді. Семинар сабақтың бұл үлгісін тек өңірлік білім беру тарихын оқыту аясында ғана емес, сонымен қатар дереккөздермен жұмыс істеу, зерттеушілік әдісті қолдану және сыни ойлауды дамыту маңызды саналатын өзге де гуманитарлық пәндерге бейімдеуге болады.

**Кілтті сөздер:** интерактивті әдіс, оқу-ағарту тарихы, 1920-жылдардағы білім беру жүйесі, семинар сабағы, проблемалық-зерттеу тәсілі, сыни ойлау, сандық платформалар, тарихты оқыту әдістемесі, «миға шабуыл», іскерлік ойын.

К.Б. Мухаметкалиева<sup>1</sup>, Б.Ж. Атантаева<sup>2</sup>, Р.Д. Ахметова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Phd докторант, университет имени Шакарима, Казахстан, Семей  
E-mail: [karlyga.m@mail.ru](mailto:karlyga.m@mail.ru)

<sup>2</sup>доктор исторических наук, профессор, университет имени Шакарима, Казахстан, Семей

E-mail: [batantaeva@mail.ru](mailto:batantaeva@mail.ru)

<sup>3</sup> кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, Университет имени Шакарима, Казахстан, Семей  
E-mail: [r.d.akhmetova@mail.ru](mailto:r.d.akhmetova@mail.ru)




## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕРАКТИВНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБУЧЕНИИ ИСТОРИИ ПРОСВЕЩЕНИЯ И ОБРАЗОВАНИЯ В СЕМИПАЛАТИНСКОМ РЕГИОНЕ В 1920-е ГОДЫ

### Аннотация

В статье рассматривается методика проведения семинарского занятия по исследовательской теме, основанного на применении интерактивных методов обучения и цифровых инструментов. Описаны примеры дидактических материалов, соответствующих современным образовательным стандартам. Алгоритм проведения семинара выстраивается на основе логики деловой игры и проблемно-исследовательского подхода, что создаёт предпосылки для анализа обучающимися региональной исторической ситуации и совершенствования их познавательной деятельности. В статье описана структура семинарского занятия, включающая различные виды учебной деятельности: представление архивных фотографий и видеоматериалов в качестве наглядного введения в тему, дискуссии в формате «мозгового штурма» и «Аквариума», выполнение в группах исследовательских заданий, проведение викторин и ролевых игр. Каждый элемент занятия направлен на формирование у обучающихся навыков критического мышления при работе с источниками, объяснение исторических фактов и аргументацию собственной позиции.

В статье подчёркивается, что в ход занятия органично интегрированы цифровые инструменты «Learningapps.org», «Kahoot» и «Padlet», которые способствуют не только эффективной организации учебной деятельности, но и формированию цифровой грамотности, навыков групповой работы и коммуникации. Авторами отмечается, что использование интерактивных платформ расширяет возможности преподавателя в организации учебного процесса и повышает мотивацию обучающихся к активному участию в нём. Предлагаемую модель семинарского занятия можно адаптировать не только в рамках преподавания региональной истории образования, но и в других гуманитарных дисциплинах, где важным считается работа с источниками, применение исследовательского метода и развитие критического мышления.

**Ключевые слова:** интерактивный метод, история просвещения, система образования 1920-х годов, семинарское занятие, проблемно-исследовательский подход, критическое мышление, цифровые платформы, методика преподавания истории, «мозговой штурм», деловая игра.

*K.B. Mukhametkaliyeva*  <sup>\*</sup>1, *B.Zh. Atantayeva*  <sup>2</sup>, *R.D. Akhmetova*  <sup>3</sup>

<sup>1</sup>Ph.D student, Shakarim University, Kazakhstan, Semey

E-mail: [karlyga.m@mail.ru](mailto:karlyga.m@mail.ru)

<sup>2</sup>Doctor of Historical Sciences, Professor, Shakarim University, Kazakhstan, Semey

E-mail: [batantaeva@mail.ru](mailto:batantaeva@mail.ru)

<sup>3</sup>Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Shakarim University, Kazakhstan, Semey,

E-mail: [r.d.akhmetova@mail.ru](mailto:r.d.akhmetova@mail.ru)

THE APPLICATION OF INTERACTIVE APPROACHES IN TEACHING THE  
HISTORY

## OF EDUCATION AND ENLIGHTENMENT IN THE SEMIPALATINSK REGION IN THE 1920 s

### *Abstract*

This article explores a methodology for conducting seminar sessions on a research-oriented topic, emphasizing the integration of interactive teaching methods and digital tools. It presents examples of didactic materials aligned with contemporary educational standards. The seminar design is structured around the logic of business games and a problem-based research approach, creating conditions for students to analyze regional historical contexts and enhance their cognitive activity. The article outlines the structure of the seminar, which incorporates a variety of learning activities, including the use of archival photographs and video materials as visual introductions to the topic, discussions in the formats of “brainstorming” and “fishbowl,” group work on research tasks, quizzes, and role-playing exercises. Each component of the session is aimed at fostering students’ critical thinking skills in working with sources, interpreting historical facts, and substantiating their own perspectives.

Furthermore, the study highlights the seamless integration of digital platforms such as *Learningapps.org*, *Kahoot*, and *Padlet* into the learning process. These tools not only ensure the effective organization of educational activities but also contribute to the development of digital literacy, teamwork, and communication skills. The authors argue that the use of interactive platforms expands the instructor’s pedagogical capabilities while simultaneously enhancing student motivation and engagement. The proposed seminar model can be adapted not only for teaching the regional history of education but also for other disciplines in the humanities where working with sources, employing research methods, and cultivating critical thinking are of primary importance.

**Keywords:** interactive method, history of education, education system of the 1920s, seminar session, problem-based research approach, critical thinking, digital platforms, history teaching methodology, «brainstorming», business game.

**Кіріспе.** Қазіргі таңда білім беру жүйесі оқыту мазмұнын жетілдіруге және оқыту әдістері мен құралдарының біртұтастығын қамтамасыз етуге ықпал ететін жаңа педагогикалық технологияларды енгізуді талап етеді. Бұл бүгінгі қоғамда жылдам қарқынмен өрбіп жатқан ауқымды саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістердің нәтижесінде туындаған объективті қажеттілік деп түсінеміз. Сондықтан, білім беру жүйесі бейімделгіш құрылым ретінде осы өзгерістерге, жаңашылдыққа сай әрі икемді дамуы тиіс. Оқу-ағарту саласында туындаған қиындықтарға жауап ретінде оқыту тәсілдері де уақыттың ағымымен қайта жаңғырып, қалыптасып келеді. Мәселен, бүгінгі күні дәстүрлі білім беру жеткіліксіз – білім алушылардың сыни тұрғыдан ойлау, жеке шешім қабылдау, топта өзара әрекеттесу және өз бетінше білім алуы үшін жауапкершілік алу қабілеттерін қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Сол себепті, тікелей тұлғаға және іс-әрекетке бағытталған оқыту формаларының да өзектілігі де күн санап артып келеді. Бұл бағытта, білім беру жүйесіндегі ең тиімді құралдардың бірі-оқытудың интерактивті әдістері болып табылады.

Ғылыми әдебиет көздерінде «интерактивті оқыту» термині оқытушының, білім алушылардың және оқу материалының өзара әрекеттесу арқылы білім алушыларды оқыту үрдісіне белсенді баулуға бағытталған әдістер жүйесі ретінде түсіндіріледі [1]. Білім берудегі интерактивтілік – бұл оқу үдерісін тек білім алумен шектелмей, оны терең ой елегінен өткізу, рефлексия жасау және жеке пікір қалыптастыру кеңістігіне айналдыруды көздейтін оқыту формасы. Интерактивті оқыту субъективтілік, ынтымақтастық және диалог принциптеріне негізделеді. Сондай-ақ, интерактивті әдістер білім алушыларда когнитивті белсенділікті жетілдіріп қана қоймай, сонымен бірге ортақ ұжымдық талқылау мәдениетін, өзгелердің пікіріне құрметпен қарауды, оқиғалар арасындағы логикалық байланыстарды құру қабілетін қалыптастырады. Мұның барлығы жылдам қарқынмен өзгеріп келе жатқан әлеуметтік-мәдени орта пен мамандарды даярлау сапасына қойылатын талаптардың артуы жағдайында бұл әдістің өзектілігін арттыра түсуде.

Бірқатар педагогика саласындағы зерттеулерге сәйкес (В.А. Сластенин, В.П. Каширин, Е.А. Карпенко, Е.С. Полат және т. б.) интерактивтілік - оқытудың репродуктивті моделінен сындарлы оқыту модельіне көшуге мүмкіндік туғызады, мұнда білім алушы белсенді қатысушы болса, оқытушы — оқу іс-әрекетін ұйымдастырушы және фасилитатор рөлін атқарады [2,3]. Мұндай модель Қазақстан тарихы пәнін қоса есепке алғанда, қоғамдық-гуманитарлық пәндерді оқыту үшін де ерекше өзекті, себебі, бұл тұста фактілерді білу ғана емес, сонымен қатар талдамалық, интерпретациялық және пікірталас дағдыларын дамыту қажеттілігі де ескеріледі.

Әдістемелік тұрғыдан алғанда, интерактивті оқыту – тікелей іс-әрекетке бағытталған көзқарасқа және жүйелілікке (Н.В. Бордовская), сондай-ақ проблемалық және контекстік оқыту қағидаларына негізделген (Дж.Пиаже, Дж.Брунер) [4,5,6]. Бұл тәсілдер нақты іс-әрекетке, берілген тапсырмаларды шешу жолдары мен оқиғаларды модельдеу арқылы оқытуға айрықша мән бергендіктен, интерактивті оқыту тәсілдері тарихи процестерді тереңірек ұғынуға бағытталған семинар сабақтарда ерекше маңызға ие.

Оқыту процесінде интерактивті әдістер зерттеу тапсырмаларын, материалды проблемалық ұсынуды, кластерлік плакаттарды, пікірталастарды, топтық жұмысты, сыни ойлау элемент-терін, викториналарды, рөлдік ойындарды, сондай-ақ тест негізіндегі тапсырмаларды, талдау мен интерпретацияны қолдануда кеңінен көрініс табады. Бұл әдісте мультимедиялық оқу құралдарды: слайдтарды, бейнематериалдарды, тарихи аудио фрагменттерді қолдану өте маңызды. Аталған тәсілдер білім алушының оқуға деген ынтасын арттырып қана қоймай, аналитикалық, коммуникативті және интерпретациялық дағдыларын қалыптастыруына мүмкіндік береді.

Осылайша, зерттеу жұмысының өзектілігі отандық және өңірлік тарихты зерделеу процесінде білім алушылардың сыни ойлауға, тарихи дереккөздерді талдау дағдыларын дамытуға, шығармашылық және зияткерлік әлеуетін арттыруға ықпал ететін интерактивті тәсілдер мен технологияларды қолдану есебінен оқу процесінің тиімділігін арттыру қажеттілігімен айқындалады. Зерттеу жұмысының мақсаты - «1920-шы жылдардағы Семей облысындағы білім беру жүйесі мен оқу-ағарту ісінің тарихы» тақырыбында семинар сабақтарын ұйымдастыру және сабақ барысында оқытудың интерактивті әдістерін практикалық қолдануға бағытталған дидактикалық материалды әзірлеу болып табылады. Берілген мақсаттан зерттеу жұмысының келесі міндеттері туындайды:

- интерактивті өзара әрекеттесу элементтері бар семинар сабағының дидактикалық жоспарын ұсыну;
- білім алушылардың семинар сабақтарына белсенді қатысуына ықпалдасатын тәсілдерді әзірлеу;
- оқу процесінің интерактивтілігін қамтамасыз етудегі оқытушының рөлін талдау;
- ұсынылған сабақ жоспарының тиімділігін рефлексия және білім алушылардың қорытынды нәтижелерін талдау арқылы бағалау.

**Материалдар мен әдістер.** Бұл мақалада зерттеу тақырыбының тарихи және педагогикалық аспектілерін қамтитын дереккөздер қолданылады. Зерттеу жұмысының эмпирикалық негізін 1920-шы жылдары Семей облысындағы білім беру жүйесі мен оқу-ағарту ісінің даму ерекшеліктерін айғақтайтын Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік кино-фотокүжаттар мен дыбыс жазбалары архивінен (одан әрі – ҚР ОМ КФДЖ) алынған мұрағаттық фотоматериалдар құрады. Аталған дереккөздерден бөлек, білім алушыларға берілген тақырыпты визуализациялау мен терең түсіндіру мақсатында Кеңес үкіметінің алғашқы онжылдықтарындағы Қазақстандағы білім беру процестерінің жалпы ахуалын бейнелейтін тарихи кинофильмнің үзіндісі ұсынылады. Сондай-ақ, жасанды интеллект технологияларын пайдалана отырып жасалынған бейне фрагмент көрсетіледі, бұл білім алушыларға тарихи шындықты қайта құру үшін заманауи технологияларды кіріктіру арқылы зерттелетін кезеңнің негізгі оқиғалары туралы неғұрлым көрнекі әрі мол түсінік алуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің әдістемелік негізі ретінде жоғары мектептерде интерактивті оқытуды қолдану-дың артықшылықтары, оның түрлері мен тиімділігі жөнінде қарастырылған заманауи авторлардың оқу құралдары мен ғылыми еңбектері пайдаланылды.

Жиналған архивтік материалдар мен визуалды көрнекіліктерді талдау жұмысы ғылыми тәсілдер кешенін пайдалана отырып жүзеге асырылды. Ең алдымен, 1920-шы жылдардағы білім беру саясаты мен оны өңірлік деңгейде, атап айтқанда Семей облысында іске асыру арасындағы өзара байланысты анықтауға мүмкіндік беретін тарихи-жүйелік әдіс қолданылды. Жалпы республикалық тенденциялармен салыстырғанда жергілікті процестердің ерекшелік-терін тереңірек түсіну үшін салыстырмалы тарихи әдіс қолданылды. Бұл, әсіресе, архивтік құжаттар бетіндегі деректерді тарихи кинофильмдер мен бейне фрагменттердің материал-дарымен салыстыру барысында орын алады. Сонымен қатар, сабақ құрылымын құру және білім алушылармен өзара әрекеттесу формаларын әзірлеу кезінде тарихи материалды оқыту-дың интерактивті форматына бейімделуге мүмкіндік беретін педагогикалық модельдеу әдісі қолданылды.

Интерактивті оқыту әдісін іске асыру барысында топтық пікірталас әдістері, «миға шабуыл» әдісі, кластерлік жоба, викторина және рөлдік ойын сынды тәсілдер пайдаланылды. Бұл тәсілдер білім алушылардың зерттеу тақырыбына қызығушылығын өрбітуге, сыни ойлауды және тарихи дереккөздерді өз бетінше талдау дағдыларын дамытуға бағыттайды.

**Нәтижелер мен талқылау.** Педагогика саласында интерактивтілік тұжырымдамасының дамуы ХХ ғасырдағы гуманистік қағидалармен етене ажырамас байланысты және бұл теориялар батыс және отандық зерттеушілердің еңбектерінде кеңінен қолданыс тапты. Аталған теориялар білім алушының тұлғасына, оның белсенділігіне, дербестігіне және рефлексия жасау қабілетіне баса назар аударады және бұл қасиеттер қазіргі білім беру жағдайында аса маңызды болып табылады.

Осы контекстте қазақстандық ғалымдардың көзқарастары елеулі қызығушылық тудырады, себебі олар интерактивті технологияларды ұлттық білім беру жүйесі аясында енгізу мен бейімдеудің өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Отандық ғылыми және білім беру тәжірибесінде интерактивті оқытуға деген қызығушылық жаңа білім беру стандарттарына көшумен қатар айтарлықтай артты - бұл заманауи талаптар құзыреттілікке және тұлғалық-бағдарланған тәсілдерге негізделген.

Бұл тұрғыдан алғанда, Т.Ж. Смағұлов, Н.А. Қожабекова, Б.Т. Бегалиева мен О. Жұмақұла сынды отандық ғалымдардың көзқарастарына назар аударған жөн. Авторлар оқу үдерісіне интерактивті тәсілдерді енгізудің өзектілігін атап көрсетіп, бұл әдістер білім алушының белсенділігін күшейтуге септігін тигізетінін алға тартады [7,8].

Біріншіден, зерттеушілердің пікірінше, интерактивті оқыту тәсілін қолдану білім алушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуына әсер етіп қана қоймай, оқу материалын терең меңгеруін қамтамасыз ететінін атап көрсетеді. Тиісті түрде ұйымдастырылған жағдайда бұл әдістер білім алушылардың топпен жұмыс істеу дағдыларын, өз ой-пікірін ашық айтып, дәлелдер келтіре білуін, сондай-ақ пікірталасқа белсенді араласу дағдыларын қалыптастыратындығын сөз етеді.

Екіншіден, зерттеушілер интерактивтілік цифрлық технологиялармен үйлескен жағдайда ерекше тиімді болатындығын баяндайды. Осы тұрғыда технологиялық аспектілердің маңызды-лығын да ескеру қажет: цифрлық құралдарды, мультимедиалық платформаларды, интерактивті тақталарды және өзге де заманауи құрылғыларды пайдалану білім алушының оқу ортасына терең бейімделуіне және өз бетінше білім алуға ықпалдасады. Демек, мұндай үйлесімді ұштасу оқу материалын визуализацияға, оқиғаларды модельдеуге және оқу барысын оңтайлы ұйымдастыруға жаңаша мүмкіндіктер ашады. Дегенмен, бұл ретте, арнайы шектеуші фактор-лар туралы мәселе көтеріледі: егер техникалық база жеткіліксіз болса немесе мұғалімнің цифрлық дайындығы әлсіз болған жағдайда, нәтижелер күткен деңгейден төмен болуы әбден ықтимал.

Қосымша бірқатар отандық зерттеулерде интерактивті оқытудың формалды түрде жүзеге асыру мәселесі талқыға түсті. Мәселен, С.А. Оразова, сондай-ақ К.М. Арымбаева мен

Г.Т. Утееваның пікірінше, әдістемелік тұрғыдан сабақ нақты әзірленбеген жағдайда интерактивті элементтер мазмұннан айырылған, тек сыртқы белгілерге ие әдіске айналып, білім беру мақсаттарына жете алмайтын формальды атрибуттарға айналу ықтималдығын ескереді [9,10]. Авторлардың ойынша, белсенді оқыту формаларын үстірті қолдану білім алушылардың оқуға шабытының төмендеуіне әкеліп соғады, себебі мұндай әдістер оқу барысының тиімсіз көрінуіне себеп болуы мүмкін.

Интерактивті оқытудың табиғатын түсіну оның құрылымдық және мазмұнды сипаттамаларына жүгінуді талап етеді. Бұл оқытушы мен білім алушы арасындағы рөлдерді үнемі бөлісетін оқыту формасы, мұнда бірлескен іс-әрекет оқу материалын игеру тәсілін ғана емес, сонымен бірге жеке тәжірибені түсінудің, мәселеге сыни көзқарасты қалыптастырудың тәсілі болып табылады. Дәл осы ұстаныммен Н.И. Краснокутская «Современные методы обучения предмета «История Казахстана» атты жұмысында тарих пәнін оқытудың интерактивті әдістерін талдайды [11]. Оның зерттеуі жалпы білім беретін мектепке бағытталған және миға шабуыл, пікірталас, рөлдік ойын және жобалық іс-шаралар сынды тәсілдердің сабақ барысында қолданудың маңыздылығын ашуға тырысады. Автордың айтуынша, бұл тәсілдер тарихи ойлауды, коммуникативті дағдыларды және тұрақты танымдық мотивацияны дамытуға септігін тигізеді. Н.И. Краснокутская мультимедиялық және цифрлық ресурстарды: виртуалды экскурсияларды, интерактивті карталарды — оқу контекстін кеңейту және оқушылардың тұтас тарихи дүниетанымын қалыптастыру құралы ретінде пайдалануға баса назар аударады.

Интерактивті оқыту әдісін пайдалану тек мектеп тәжірибесінің шеңберінде ғана емес, сондай-ақ ғылыми-зерттеу аясында да қарастыру өзектілігі сақталып келеді. Ғылым саласында бұл әдістердің теориялық негіздері мен жүйелі ұйымдастыру жолдары зерттеушілермен тереңірек талданады. Бұл ретте, Г. Азисқызының «Заманауи мектептің 5–7 сыныптарында Қазақстан тарихын оқытудағы цифрлық технологияларды қолданудың теориялық және практикалық мәселелері» атты диссертациялық еңбегі ерекше назар аударуға тұрарлық. Еңбекте цифрлық технологиялар мектептегі тарихты оқытудың интерактивті тәсілінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылып, электрондық оқулықтар, цифрлық білім беру құралдары мен онлайн-платформалардың оқушылардың танымдық белсенділігі мен білім алушылар мен мұғалімдер арасындағы өзара әрекеттестікті тереңдетуге ықпалы ғылыми тұрғыда негізделеді. Осылайша, бұл жұмыс оқыту тәжірибесінен ғылымға негізделген, әдістемелік тұрғыдан дәлелденген жүйелі модельге көшу үрдісін көрсетеді [12].

Жоғары оқу орындарының контекстінде интерактивті технологияларды қолданудың әдіснамалық тәсілі М.Ж. Ташеневтің «Интерактивные методы обучения истории в вузе» атты мақаласында жаңаша ашылады [13]. Автор оқу материалын дәстүрлі дәрістік формада ұсынудан бас тартып, оның орнына білім алушылардың сыни ойлауын, тарихи деректерді интерпретациялау және оқиғаларды өз бетінше талдау қабілетін дамытуға ықпал ететін диалогтық форматтарға көшудің маңыздылығына тоқталады. Сонымен қатар, ол оқытушылардың жеткіліксіз дайындық деңгейі мен академиялық оқытудың берік орныққан дәстүрлеріне байланысты белгілі бір қиындықтардың бар екенін мойындай отырып, интерактивті әдістердің оқытушының рөлін оқу үдерісінің ұйымдастырушысы ретінде қайта қарастыруға жол ашатындығын көрсетеді.

Бұл бағытты А.Е. Даниярованың «Применение интерактивных методов при проведении практического (семинарского) занятия в процессе изучения истории Казахстана» атты зерттеуі толықтырады [14]. Бұл еңбектің автор М.Ж.Ташеневтің теорияға бағытталған жұмысынан айырмашылығы – А.Е. Даниярова интерактивті әдістерді іс жүзінде жүзеге асырудың нақты мысалдарын келтіреді. Автор семинар сабағының құрылымын нақты мысалдар арқылы ұсынып, оған пікірталастарды, іскерлік ойындарды, топтық жұмысты және тарихи дереккөздерді талдауды енгізудің жолдарын сипаттайды. Зерттеушінің пайымдауынша, мұндай жұмыс түрлері нақты педагогикалық мақсатпен және оқытушының

әдістемелік дайындығымен сүйемелденген жағдайда, білім алушылардың оқу үдерісіне деген ынтасын едәуір арттырып, белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

Жоғары білім беру жағдайында интерактивті оқытудың практикалық аспектілерін әзірлеуге елеулі үлес қосқан А. Әлімов атауға болды, оның «Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану» оқу құралы мұндай әдістерді кредиттік жүйе аясында енгізудің ерекшеліктеріне арналған [15]. Автор философиялық-педагогикалық негіздемені нақты әдістемелік шешімдермен ұштастыратын кешенді тәсіл ретінде ұсынады — оқу құралы интерактивті дәрістер мен кейс-стади әдісінен бастап, іскерлік ойындар, тренингтер және модульдік тапсырмаларға дейін қамтылады. Еңбекте оқу жетістіктерін бағалау мәселелеріне ерекше көңіл бөлінген: автор портфолио, жазбаша жұмыстар, рубрикалар мен өзін-өзі бағалауды пайдалануды талдайды. Мұндай тәсіл оқу материалын меңгеру деңгейін объективті бағалауға ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың рефлексия, өзін-өзі бағалау және жеке жауапкершілік дағдыларын қалыптастыруға да септігін тигізеді.

Интерактивті оқытуды тек әдістемелер жиынтығы ғана емес, педагогикалық жүйе ретінде түсіну А.К. Мыңбаев және З.М. Садваксованың «Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать» оқу құралында да сараланған [16]. Авторлар оқытушыны тек білім тасымалдаушысы емес, өзара әрекеттесуді ұйымдастырушы және модератор ретінде қарастырады. Авторлардың көзқарасы бойынша, интерактивті әдістердің тиімділігі мұғалімнің ойлау қабілетіне, икемділігіне, ынтымақтастыққа дайын болуына, мағыналы қарым-қатынас құру қабілетіне тәуелді деген идеяға сүйенеді. Сонымен қатар, интерактивтілік формальды түрде қолданылмай, педагогикалық процеске үйлесімді түрде енгізілуі керектігі баса айтылады.

Осылайша, қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде интерактивті оқыту әдістемелік, технологиялық және философиялық компоненттерді қамтитын көп аспектілі процесс ретінде көрінеді. Әр түрлі басымдықтарға қарамастан, авторлар интерактивті әдістер білім берудің тиімділігін арттыруға, білім алушылардың жеке және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал ететіндігімен келіседі. Сондықтан, бұл тек теориялық пайымдауды ғана емес, сонымен қатар интерактивті оқыту тәсілін нақты оқу процесіне тәжірибе негізінде енгізуді қажет етеді.

Осы тұрғыда интерактивті оқыту әдісіне негізделіп әзірленген «1920-шы жылдардағы Семей өңіріндегі білім беру жүйесі мен оқу-ағарту ісінің тарихы» тақырыбы бойынша сабақтың жоспарын әдістеме ретінде ұсынуға болады. Қарастырылып отырған тақырыптың кешенді әрі көпқырлы сипатын ескере отырып, семинар сабақты проблемалық-іс-әрекеттік тәсіл қағидаттарына негізделген іскерлік ойын форматында өткізуге болады, оның негізгі әдістемелік компоненті – интерактивті түрде ұйымдастырылған топтық жұмыс болып табылады.


Сабақтың ең алғашқы кезеңі ұйымдастыру процесінен басталады, оның барысында студенттердің белсенді түрде жұмысқа араласуына ықпал ететін достық атмосфера қалыптастырудан бастау алады. Студенттер арасында эмоциялық байланыс орнатып, оңды көңіл-күй қалыптастыру үшін түстік ассоциация әдісі қолданылады: студенттерді жұмыс топтарына бөлу мақсатында оларға түсті стикер таңдап алу ұсынылады. Студенттер таңдалған түске сәйкес орындарға отырады, стикердің түсі белгілі бір топқа сәйкес келеді, осылайша қатысушылар топтарға кездейсоқ, бірақ ұйымдасқан түрде бөлінеді. Мұндай топтарды құру тәсілі барлық студенттердің тең құқықты қатысуына жағдай жасайды және олардың өзара әрекеттесуі әдеттегі дәстүрлі сабақ барысындағы қалыптарынан шығуға мүмкіндік беріп, коммуникативті белсенділіктерін күшейтеді.

Семинар сабақтың кіріспе бөлімі Қазақстанның білім беру жүйесіне, атап айтқанда, зерттеліп отырған кезеңдегі Семей өңіріне қатысты визуалды дереккөздерге — фотосуреттерді талдаудан басталады. Мұндай бастама білім алушылардың бар білімін жаңғыртуға, тақырыпқа қызығушылықты оятуға және оны одан әрі зерттеуге мотивациялық негіз қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Кіріспе тапсырманың аясында интерактивті тақтада 1920-жылдардағы оқу-ағарту ісі жағдайының түрлі аспектілерін көрсететін фотоматериалдар білім алушылардың назарына ұсынылады: оқу орындарының ғимараттары, сынып бөлмелерінің интерьері, оқушылар мен мұғалімдердің күнделікті өмірінен көріністер және т.б.

Студенттерге ұсынылған суреттерді мұқият қарап, байқағыштықты, логикалық ойлауды және тарихи интуицияны дамытуға бағытталған сұрақтарға жауап беру тапсырылады. Сұрақтар келесідей тұжырымдалады:

1. Сіздің ойыңызша, ұсынылған суреттерді не біріктіреді?
2. Сіздің пікіріңізше, көрсетілген кезеңде білім беру саласында қандай өзгерістер орын алған?
3. Бұл материалдарды визуалды талдау негізінде білім беру жүйесінің жағдайы туралы қандай түйін жасауға болады?



Сурет. 1. Фотосуреттердің көзі: ҚР ОМ КФДЖ және [e-history.kz](https://e-history.kz/ru/news/show/32352) сайтынан алынды (<https://e-history.kz/ru/news/show/32352>)

Материалды ұсынудың бұл формасы студенттерге сабақ тақырыбына қатысты өз бетінше болжам жасауға, алдын-ала қорытынды түюге жол ашады, соның негізінде сабақтың одан әрі мазмұны қалыптасады. Әдетте, студенттер бұл тақырып өлкедегі сауатсыздық жою ісімен, кеңестік білім беру жүйесінің қалыптасуымен, сондай-ақ аймақтағы діни мектептердің жабылып, алғашқы кеңестік оқу орындарының пайда болуымен байланысты деп болжайды.

Талқылаудан кейін оқытушы сабақтың тақырыбын жариялап, оқу мақсаттарын анықтап, зерттеу әдістерін белгілейді, бағалау критерийлерін тұжырымдайды және оларды сабақтың басында және барысында интерактивті панельді пайдалану арқылы студенттерге көрсетеді. Сабақтың мақсаты — 1920-шы жылдардағы әлеуметтік-саяси өзгерістер жағдайында Семей өңірінде халықтық білім беру жүйесінің қалыптасу үдерістерін зерделеу, сондай-ақ студенттердің аналитикалық дағдылары мен тарихи деректермен жұмыс жасау қабілеттерін интерактивті оқыту әдістерін қолдана отырып дамыту болып белгіленеді. Бағалау критерийлері жеке және топтық болуы мүмкін, бірақ әрбір критерий бойынша қорытынды шығарылуы міндетті. Олар келесі аспектілерді қамтуы мүмкін: тапсырманың тақырыппен сәйкестігі, талдау тереңдігі, тарихи деректермен жұмыс істеу қабілеті, пікір таластар мен баяндамаларда белсенділік таныту, интерактивті технологиялар мен құралдарды тиімді пайдалану қабілеті және т.с.с.

Сабақтың негізгі бөлігіне көшу алдын ала ойластырылған ұйымдастырушылық бөлімнің есебінен білім алушылардың зейіні мен қызығушылығын жоғалтпай, бірқалыпты жүзеге асырылады. Сабақтың құрылымы мен мазмұны 1-ші кестеде көрсетілген.

Кесте 1.

### Практикалық сабақта тапсырманы орындаудың жоспары

№	Тапсырмалар	Қолданылатын қосымшалар және сандық ресурстар	Зерттеу әдістері
1	Бейнематериалдардан үзінділер көрсетіледі, білім алушылар негізгі оқиғалар мен идеяларды ажыратады	Наиліло нейрондық желі бағдарламасымен бейнені генерациялау (оқытушының өз бетінше даярлауы)	Бақылау, сипаттау және материалды талдау
2	Топ құрамында интерактивті түрде негізгі тарихи-педагогикалық ұғымдарға анықтама беріледі	LearningApps.org интерактивті тақтасы	Ұғымдармен жұмыс, топтағы өзара әрекеттесу
3	Топтық талқылау барысында мәтінді зерттеп, идеялар ұсыну	Мәтіндік құжат, интерактивті тақта	«Миға шабуыл» әдісі, талдау
4	«Аквариум» әдісі форматындағы пікірталасқа қатысу, баяндама ұсыну және әріптестерінің жұмысын өзара бағалау	Презентация, бағалауға арналған дескрипторлар	«Аквариум» әдісі, сыни ойлау, талдау
5	«Kahoot» платформасында білімді тексеру үшін интерактивті викторинадан өту	Kahoot платформасы, мобильді телефонды пайдалану	Тестілеу, кері байланыс
6	Теориялық материал мен дереккөздер негізінде кластерлік жобаны дайындау және қорғау	Интерактивті тақта	Талдау, синтез, ауызша қорғау, топтық талқылау
7	1920-шы жылдардағы білім беру жүйесі мен қазіргі заманғы жүйеге салыстырмалы талдау жүргізу	Google Sheets, Canva (инфографика құрастыру үшін)	Салыстырмалы талдау, деректерді құрылымдау, визуализациялау
8	Рөлдік ойынға қатысу, нәтижелерді ұсыну және қабылданған шешімдерді негіздеу	Интерактивті тақта	Рөлдік ойын, сыни ойлау, талқылау
	Рефлексия	Padlet, Google Docs онлайн тақталары, мобильді телефон	жазбаша жұмыс, талдау

Сабақтың логикалық жалғасы ретінде студенттердің оқу процесінде визуалды талдау дағдыларын қалыптастыру мен дәйекті пікірлерді білдіру қабілеттерін дамытуға бағыттайтын бірінші тапсырманы білім алушылардың назарына ұсынылады.

1-ші тапсырма. Семинардың практикалық бөлігінің алғашқы кезеңінің бірінші тапсырмасы - 1920 жылдардағы Қазақстандағы білім беру жүйесінің жай-күйін көрсететін екі бейне-материалды көру төңірегінде құрылады. Бірінші бейнематериал ретінде «Красная юрта» көркем фильмінен үзінділер көрсетіледі. Бұл үзіндіде республикалық ауқымдағы білім беру саясатының жалпы көрінісі көркем-деректі түрде беріледі: қазақ ауылы тұрғындарының өмірі мен дүниетанымын, қалыптасқан дәстүрлі режимді өзгертуге ұмтылған үгітшілер мен мұғалімдердің, мемлекеттік тұлғалардың кеңестік насихат жүргізу қызметі, «қызыл отау» жылжымалы мәдени-ағарту орталығының жұмысы, ауылды мекендердегі сауатсыздықты жою сынды іс-шаралары бейнеленеді.



Сурет. 2. «Красная юрта» көркем фильмінен үзінді кадрлар, 1982 г.

Екінші бейнематериал оқытушының өзі Naili Luo жасанды интеллект платформасының көмегі арқылы дайындалған Семей өңіріндегі оқу-ағарту тарихына арналған қысқаша ақпарат-тық бейнеролик болып табылады. Екінші бейнематериалдың түп мақсаты — студенттердің назарын өңірлік аспектілерге аудару, әсіресе, Шығыс Қазақстан жағдайында білім беру саясатының ерекшеліктерін, оның демографиялық, мәдени және институционалдық сипаттарын көрсету болып табылады.

Бейне материалмен танысқаннан кейін білім алушыларға топтық талдау тапсырмасы беріледі. Бұл тапсырма бейнебаяннан алған білімдерін саралап, «Біз бұл бейнебаяннан нені білдік?» деген сұраққа ұжымдық, саналы жауап қалыптастыруға бағытталады. Топтар қойылған сұраққа жауаптарын жүйелеп, соңғы нәтижесін қысқаша презентация форматында ұсынады. Презентация барысында білім алушылар өз қорытындыларын дәлелдермен негіздеп, оларды 3-5 негізгі тармақ түрінде құрылымдайды (мысалы: сауатсыздықты жою, еңбек мектептерінің қызметі, әйелдердің сауат ашуы және т.б.) және бейнематериалдан алынған мысалдармен дәлелдеп, Padlet платформасында көрсетеді. Бұл форматты қолдану білім алушылардың сыни ойлауын, топта жұмыс істеу қабілетін және цифрлық сауаттылығын дамытуға ықпал етумен қатар, қазіргі заманғы интерактивті оқыту талаптарына сәйкес келумен сипатталады.

2-ші тапсырма. Интерактивті тақтаны қолдана отырып, материалды игеру деңгейін тексеру мақсатында LearningApps.org сайтында қатысушы топтар келесі негізгі ұғымдарға анықтама береді: сауатсыздықты жою, қызыл отау, мұғалімдер институты, мектептегі білім, кәсіптік білім, халыққа білім беру. Осылайша, теориялық материалды меңгеру мұғалімге білім алушылардың негізгі ұғымдарды игеру дәрежесін бағалауға мүмкіндік жасап, алған білімдерін нығайтуға және студенттердің заманауи білім беру технологияларымен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

3-ші тапсырма. Үшінші тапсырма шеңберінде білім алушыларға зерттеу кезеңіндегі Семей облысында білім беру жүйесі мен ағарту ісін дамытуға арналған мәтін беріледі. Мәтінмен танысқаннан кейін студенттер «миға шабуыл» әдісіне негізделген сұрақ-тапсырмаларға жауап беруге кіріседі. Бұл әдіс емін-еркін сөйлеуді, мүмкіндігінше қатысушылармен көп идея ұсыну-ды және барлық қатысушыларды талқылау процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

Сұрақ: 1920-шы жылдары Семей губерниясындағы білім беру жүйесінің дамуы аймақтың әлеуметтік-экономикалық және мәдени ілгерілеуі үшін қаншалықты маңызды болғанын түсіндіріңіз?

Жауабы: 1920-шы жылдары Семей губерниясындағы білім беру жүйесінің дамуының маңыздылығы бірнеше себептермен түсіндіріледі:

☞ сауатсыздықты жою іс шаралары жүзеге асты: шаруалар мен жұмысшы халыққа міндетті бастауыш білім беруді енгізу өңірдегі сауатсыздық деңгейін айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік берді.

Ә элеуметтік ұтқырлықты арттырды: білім беру элеуметтік жағдайдың жақсаруына жаңа мүмкіндіктер ашылды, әсіресе әйелдер мен қарапайым тұрғындар үшін, бұл элеуметтік теңсіздікті жоюға септігін тигізді.

Ә экономикалық тұрғыда даму: білім беру жүйесінің дамуы ауыл шаруашылығында, өнеркәсіпте және ғылымда жұмыс істеуге қабілетті мамандар дайындады, бұл өз кезегінде, аймақтың экономикалық дамуына тікелей әсер етті.

Ә өңірдің мәдени дамуы: білім деңгейінің жоғарылауы білімге, өнерге, ғылымға және халықаралық мәдениетке қол жетімділікті кеңейте отырып, халықтың мәдени өсуіне ықпал етті.

Ә білім беру мекемелерін құру: жаңа мектептердің, соның ішінде, ұлттық азшылықтар үшін мектептердің ашылуы, әйел затының білімге қол жеткізуі және өңірдегі білім беру инфрақұрылымының одан әрі дамуы қоғамдағы элеуметтік теңсіздіктің жоюлуына негіз болды.

4-ші тапсырма. Зерттеу дағдыларын дамыту мақсатында білім алушыларға «Аквариум» әдісін қолдана отырып ұйымдастырылған пікірталас форматында жұмыс ұсынылады. Білім алушылар сыртқы және ішкі пікірталас топтарын құрады, олардың шеңберінде топтардың бірі тікелей пікірталасқа қатысатын ішкі шеңбердің белсенді қатысушылары ретінде әрекет етсе, ал қалған топтар сыртқы шеңберді қалыптастырып, бақылаушылар мен талдаушылар ретінде әрекет етеді.

Талқылауды жүзеге асыру үшін келесі зерттеу сұрақтары қойылады:

– Қазан төңкерісінен кейін Семей облысының білім беру жүйесінде қандай негізгі өзгерістер орын алды?

– 1920-шы жылдардағы білім беру реформалары Семей облысының элеуметтік-экономикалық құрылымына қалай әсер етті?

– 1920-шы жылдары халық арасында сауаттылықты арттыру үшін Семей облысында қандай іс-шаралар қолданылды?

– 1920-шы жылдары Семей облысының білім беру мекемелері қандай негізгі сын-қатерлерге тап болды және олар қалай еңсерілді?

Бұрын меңгерілген зерттеу материалдарына сүйене отырып, әр топ қысқаша баяндама дайындайды және одан кейін пікірталас сәті басталады, онда қатысушылар пікір алмасып, сұрақтар қойып, әртүрлі көзқарастарды талқылап, мысалдар келтіреді. Әр раунд аяқталғаннан кейін топтардың рөлдерімен алмасу процесі жүзеге асырылады. Қорғау баяндамаларын ұсынғаннан соң, топтар алдын-ала дайындалған дескрипторларға сүйене отырып, бір-бірінің жұмысын бағалайды. Бұл тек қана зерттеу сапасын бағалауға ғана емес, сонымен бірге топтағы әріптестерінің жұмысын сын тұрғысынан бағалау дағдыларын дамытуға да мүмкіндік береді.

5-ші тапсырма. Сабактың екінші бөлімінде студенттер өздерінің ұялы телефондары арқылы «Kahoot» платформасында интерактивті викторина тапсырмасын орындайды. Мұндай интерактивті элементтер теориялық білімді бекітудің пайдалы құралы болып есептеледі және аудиторияда ұзақ талқылаулардан кейінгі сергіту сәті ретінде де қызмет етеді. Викторинада бірнеше жауап нұсқалары бар тест сұрақтарынан бастап, ашық тапсырмаларға дейінгі әртүрлі сұрақтар қамтылады. Викториналар студенттерге ақпаратты ойын түрінде жеткізуге көмекте-седі, бұл өз кезегінде, шаршауды азайтуға және оқу процесіне қызығушылықты арттыруға көмектеседі. Осылайша, мұндай платформаларды пайдалану дәстүрлі оқыту әдістеріне маңызды қосымша құрал болып табылады және оқу процесін анағұрлым серпінді әрі интерактивті өткізуге ықпалдасады.

6-шы тапсырма. Берілген теориялық материал мен ұсынылған дереккөздер негізінде топтарға кластерлік жобаны қорғауға дайындалу ұсынылады. Студенттер қарастырылып отырған кезеңдегі өңірлік деңгейде білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттарын зерттейді. Әрбір зерттеу тобы жеке аспектке назар аударады:

1-ші топ – аймақтағы сауатсыздықты жою іс-шараларын зерттейді;

2-ші топ – мектеп инфрақұрылымының дамуын талдайды;

3-ші топ – мектептен тыс мекемелер желісінің құрылуы мен олардың жұмыс істеу үрдісін зерттейді;

4-ші топ – орта-арнайы кәсіптік білім беру мекемелерінің қалыптасуы мен дамуын қарастырады.

Әр топ негізгі фактілерді көрсетіп, талдау жұмыстарын жүргізеді, қорытынды жасап оның нәтижесін кластерлік схема түрінде ұсынады. Жобаны қорғау интерактивті түрде ауызша сөйлеу және топтар арасында талқылау арқылы жүзеге асырылады.

7-ші тапсырма. Тапсырма білім алушылардың 1920-шы жылдардағы білім беру жүйесі мен қазіргі білім беру жүйесіне салыстырмалы талдау жүргізуіне бағытталады. Осы тапсырма аясында студенттер кеңестік және заманауи білім беру тәжірибелерін салыстыруды жүзеге асырады, бұл республика бойынша білім беру саясатының даму динамикасын тереңірек түсінуге ықпал етеді. Салыстырмалы талдау нәтижелері инфографиялық форматтағы Google Sheets немесе Canva онлайн-платформаларын пайдалана отырып, негізгі критерийлер (мақсат-тар, әдістер, тыңдаушылар, білім беру инфрақұрылымы және т.б.) бойынша ұқсастықтар мен айырмашылықтарды көрсете отырып, құрылымдық кесте түрінде ресімделеді. Мысал ретінде Google Sheets-те келесі кестені ұсынуға болады (1-ші кесте).

Кесте 2.

**Қазақстандағы білім беру жүйесінің дамуы:  
1920-шы жылдар мен қазіргі кезеңнің салыстырмалы талдауы**

<b>1920-шы жылдардағы білім беру жүйесі</b>	<b>Критерийлер</b>	<b>Қазіргі білім беру жүйесі</b>
Сауатсыздықты жою, жаңа кеңестік идеологияны қалыптастыру	Мақсаты	Оқушының ойлау қабілетін жетілдіру, сандық сауаттылығын арттыру
Ересек ауыл халқы, жастар мен балалар	Тыңдаушылар тобы	Балалар, жасөспірімдер, ересектер, қоғамның барлық мүшелері
Ауызша баяндамалар, үгіт науқандары, қызыл отау үйлерінің қызметі	Оқыту әдісі	STEAM, интербелсенді технологиялар, онлайн курстар
Қызыл отау, оқу үйлері, кеңестік еңбек мектептері	Инфрақұрылым	Заманауи мектептер, жоғары оқу орындары, сандық платформалар
Негізінен орыс және қазақ тілдерінде	Оқыту тілі	Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде
Үгіт-насихат арқылы «жаңа кеңестік адамды» тәрбиелеу	Идеологиялық мәні	Ұлттық және бүкіл адамзаттық құндылықтарды маңызды деп тани отырып, білім берудің маңыздылығын атап көрсетеді.

8-ші тапсырма. Сабақтың практикалық бөлігінің соңғы кезеңінде студенттерді тарихи контекстке тереңірек бойлату, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту және мәселені әр түрлі көз-қарастық тұрғыдан қарастыру мақсатында рөлдік ойын ұйымдастырылады. Бұл ойын аясында студенттер 1920-шы жылдардағы Кеңес Одағындағы білім беру реформаларына қатысушы-лардың рөлдерін орындайды. Әр топ белгілі бір рөлге ие болады, мәселен, ауыл мұғалімі, мектеп инспекторы, халық комиссариатының өкілі, оқушы, ата-ана немесе жергілікті билік өкілі. Ойын аяқталғаннан кейін, топтар интерактивті тақтаны пайдалана отырып өз нәтижелерін таныстырады және топтар өзара қабылдаған шешімдерін мен тұжырымдарын егжей-тегжейлі түсініктемелерімен баяндайды.

Семинар сабақтың соңы жалпы рефлексиямен аяқталады, онда әр студент «1920-шы жылдардағы Семейдегі ағарту тарихының қай аспектілері мен үшін ең маңызды болды және не себепті?» тақырыбында қысқаша ой толғау жазады. Жұмыс шағын жазба түрінде (150 сөзге дейін) орындалады және Padlet тақтасына немесе Google Docs онлайн тақтаға студенттер өз бетінше мобильді құрылғылары арқылы жазба қалдырады. Осы платформаларға орналасты-рылған мәтіндер бір мезгілде интерактивті тақтада көрсетіліп,

бұл студенттердің тақырыпты қаншалықты меңгергенін және олардың сабақтағы жалпы көңіл-күйін бағалауға мүмкіндік береді.

Сабақты қорытындылай келе, оқытушы оқу іс-әрекетін жетілдіру бойынша өз ұсыныстарын тұжырымдайды, сондай-ақ бастамашылдығы, сабақтағы белсенділігі мен креативті көзқарастары үшін білім алушыларды мадақтайды, студенттердің өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындауына қатысты бірнеше нақты ұсыныстар айтып, сабақ барысында атқарылған жұмыстың нәтижелеріне жалпы қорытынды жасайды.

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, білім беру жүйесін дамытудың аймақтық аспектілеріне арналған семинар сабағының құрылымына интерактивті өзара әрекеттесу элементтерін қосу оның педагогикалық тиімділігін едәуір арттырғанын атап өткен жөн. Сонымен қатар, мұндай тәсіл білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға жағдай жасап, сабақты аналитикалық бағытта өткізуге мүмкіндік береді.

Сабақта интерактивті әдістерді қолдану білім алушылардың ақпаратты өз бетінше іздеу және талдау дағдыларын, сыни ойлауды, заманауи құралдар мен технологияларды пайдалану, ұжымда тиімді өзара әрекеттесу мен тұжырымдалған шешімдер қабылдау қабілеттерін қалыптастыруға ықпал ететіндігіне көз жеткізуге болатындығын байқадық. Бұдан шығатын қорытынды, интерактивті оқыту тәсілі нақты материалды игеруге ықпал етіп қана қоймай, сонымен қатар ойлаудың зерттеу түрін қалыптастырады, бұл әсіресе жоғары білім беру жүйесінде құзыреттілік тәсілді жүзеге асыру жағдайында аса маңызды.

Осылайша, семинар сабағы тек зерттеу бағытымен шектелмей, студенттерді академиялық және ғылыми қызметтің күрделі деңгейлеріне даярлап, оқу материалын терең, әрі жүйелі түрде меңгеруге мүмкіндік береді.

Интерактивті оқыту электрондық білім беру ресурстарын, мультимедиялық презентацияларды және онлайн платформаларды қоса алғанда, сандық құралдардың кең ауқымын пайдалануға бағытталған. Атап өту керек, сандық технологиялардың жоғары дидактикалық құндылығына қарамастан, білім беру процесінде жетекші рөл әлі де мұғалімнің білім алушылармен тікелей байланысына тәуелді. Сабақ барысында бетпе-бет өзара әрекеттесу, топтық жұмыс және оқытушы тарапынан белсенді педагогикалық қолдау көрсетіп, сүйемелдеу ерекше маңызға ие, бұл білімді тұрақты игеруге ғана емес, сонымен бірге зерттеушілік тұрғыда ойлауды дамытуға да септігін тигізеді. Бұл ретте оқытудың интерактивті әдістерін қолдану аса өзекті болып көрінеді, өйткені олар оқытудың дәстүрлі формаларын заманауи цифрлық техно-логиялармен оңды түрде ұштастырады.

Ұсынылған сабақ жоспарын Қазақстанның өңірлік тарихын жоғары оқу орындарында оқыту тәжірибесінде қолдануға болатын дидактикалық тұрғыдан негізделген үлгі ретінде қарастыруға болады. Аталған жоспарды ашық сабақ немесе демонстрациялық сабақ форматында пайдалануға немесе берілген әдістерді әдістемелік семинар аясында қолдануға болады. Бұл оқытушылар арасындағы кәсіби тәжірибе алмасуды ынталандырып, өңірлік тарихи зерттеу контентін қазіргі білім беру тәжірибесіне интеграциялау мәселелерін әдістемелік тұрғыдан тереңірек зерделеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, бұл сабақтың жоспарын кафедраның оқу-әдістемелік материалы ретінде «Отан тарихы» курсына оқытуда интерактивті әдістерді тиімді қолданудың мысалы ретінде де қарастырған жөн. Мақала материалдары сабақтарды әзірлеуде және тарихи пәндерді оқытудың авторлық әдістемелерін дайындауда дидактикалық ресурс ретінде пайдалану да мүмкіндігі бар.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Айж. Е.Дайрабаева, Айг. Е. Дайрабаева. *Использование интерактивных методов обучения в высшей школе Казахстана // Ярославский педагогический вестник. Серия психолого-педагогические науки. – 2013. – Т.2. – №3. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-interaktivnyh-metodov-obucheniya-v-vysshey-shkole-kazahstana>*

2. Полат, Е. С., Карпенко Е.А. *Интерактивные технологии в обучении. Педагогика нового времени* / Е. С. Полат, Е.А. Карпенко. – М.: Ridero, 2020 — 80 с.
3. Слестенин В.А., Каширин В.П. *Психология и педагогика: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений* / В.А. Слестенин, В.П. Каширин. — Москва: Издательский центр «Академия», 2001. — 480 с. — с. 222.
4. *Современные образовательные технологии : учебное пособие / коллектив авторов; под ред. Н.В. Бордовской.* —3-е изд., стер. — Москва : КНОРУС, 2022. — 432 с. URL: <http://library.atu.kz/files/155041/>
5. Bruner J. *Actual Minds, Possible Worlds* — Cambridge, Mass. : Harvard University Press, 1986. — P.232. URL: <https://psv4.userapi.com/s/v1/d/zrML6NkOIOJNGVA3z5ZfRBjPuvRN-3qMihFHPHTklOIOHRGDFAEb9Lv0pWD3uaajmyaRbMkHykS-5bntfZ3VnvVzDTC8lnG4dm3tdz14ZRvwhj1EBYgA/2221.pdf>
6. ПиажеЖ. *Генетическая эпистемология.*- 5-е изд.- СПб.: Питер, 2004. — 160 с. — (Серия «Концентрированная психология»). URL: [https://psv4.userapi.com/s/v1/d/DCr6hC3N9vHHAqE\\_fxZGYtg31eVNeBa182n95ewKNZGVPRtwvewebno3Dc7EBRk9CmW3ChTsflKVWViqX\\_ibw6C8uHcSwmeb1J9WZffifSGuVOJW523Pg/Zhan\\_Pi azhe\\_Geneticheskaya\\_epistemologia.pdf](https://psv4.userapi.com/s/v1/d/DCr6hC3N9vHHAqE_fxZGYtg31eVNeBa182n95ewKNZGVPRtwvewebno3Dc7EBRk9CmW3ChTsflKVWViqX_ibw6C8uHcSwmeb1J9WZffifSGuVOJW523Pg/Zhan_Pi azhe_Geneticheskaya_epistemologia.pdf)
7. Смағұлов Т.Ж. *Интерактивтік оқыту технологиясы және цифрлық технологияларды қолдана отырып, оқу сабағын өткізу* // «Ғылым, білім, технология: XXI ғасырдың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары - Қызылорда, 2023. — Б.214 - 217.
8. Қожабеков Н.А, Бегалиева Б.Т., Жұмақұл О. *Білім беру саласындағы интерактивті оқыту технологиялары және иновациялық мәселелер* // «Ғылым, білім, технология: XXI ғасырдың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. — Қызылорда, 2023. — Б.185-189.
9. Оразова С.А. *Интерактивті оқыту технологияларын қолдану* // «Ғылым, білім, технология: XXI ғасырдың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. — Қызылорда, 2023. — Б.16-20.
10. Арымбаева К.М., Утеева Г.Т. *Формирование социальной активности студентов в вузе интерактивным технологиями* // материалы республиканской научно-практической конференции «Наука, образование, технология: актуальные проблемы XXI века». — Кызылорда, 2023. — С.16-20.
11. Краснокутская Н.А. *Современные методы обучения предмета «история Казахстана»* // Труды 6-й Международной научной конференции «Теоретические гипотезы и эмпирические результаты». — Осло, 2024. С.138-141.
12. Қырғызхан Г.А. *Заманауи мектептің 5-7 сыныптарында Қазақстан тарихын оқытудағы цифрлық технологияларды қолданудың теориялық және практикалық мәселелері. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация.* Алматы, 2022. 156 б.
13. Ташенев М.Ж. *Интерактивные методы обучения истории в вузе* // Вестник КазНУ. Серия историческая. —2016.—№4. — С.182-185.
14. Даниярова А.Е. *Применение интерактивных методов при проведении практического (семинарского) занятия в процессе изучения истории Казахстана* // Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия». —2025. — №1. — С.102-110.
15. Әлімов А.Қ. *Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы* / А.Қ. Әлімов. — Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014.-188 бет.
16. Мынбаева А.К. *Инновационные методы обучения, или Как интересно преподавать: учебное пособие* / А.К. Мынбаева, З.М. Садвакасова. — 11-е изд. — Алматы: Қазақ университеті, 2019. — 462 с.

References:

1. Ajzh. E. Dajrabaeva, Ajg. E. Dajrabaeva. *Ispol'zovanie interaktivnyh metodov obucheniya v vysshej shkole Kazahstana // Yaroslavskij pedagogicheskij vestnik. Seriya psichologo-pedagogicheskie nauki.* – 2013. – T.2. – №3. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-interaktivnyh-metodov-obucheniya-v-vysshey-shkole-kazahstana> [in Russian].
2. Polat, E. S., Karpenko E.A. *Interaktivnye tekhnologii v obuchenii. Pedagogika novogo vremeni / E. S. Polat, E.A. Karpenko.* – M.: Ridero, 2020 — 80 s. [in Russian].
3. Slastenin V.A., Kashirin V.P. *Psichologiya i pedagogika: ucheb. posobie dlya stud. vyssh. ucheb. zavedenij / V.A. Slastenin, V.P. Kashirin.* — Moskva: Izdatel'skij cent «Akademiya», 2001. — 480 s. — s. 222. [in Russian].
4. *Sovremennye obrazovatel'nye tekhnologii : uchebnoe posobie / kollektiv avtorov; pod red. N.V. Bordovskoj.* — 3-e izd., ster. — Moskva : KNORUS, 2022. — 432 s. URL: <http://library.atu.kz/files/155041/> [in Russian].
5. Bruner J. *Actual Minds, Possible Worlds* — Cambridge, Mass. : Harvard University Press, 1986. — P.232. URL: <https://psv4.userapi.com/s/v1/d/zrML6NkQIOJNGVA3z5ZfRBjpUvRN-3qMihFHPHTlklQIOHRGDFAEB9Lv0pWD3uaajmyaRbMkHykS-5bntfZ3VnvVzDTC8lnG4dm3tdz14ZRvwhj1EBYgA/2221.pdf> [in English].
6. PiazheZh. *Geneticheskaya epistemologiya.* - 5-e izd.- SPb.: Piter, 2004. — 160 s. — (Seriya «Koncentrirovannaya psichologiya»). URL: [https://psv4.userapi.com/s/v1/d/DCr6hC3N9vHHAqE\\_fxZGYtg31eVNeBa182n95ewKNZGVPRtwvewebno3Dc7EBRk9CmW3ChTsfIKVWViqX\\_ibw6C8uHcSwmeb1J9WZffifSGuVOJW523Pg/Zhan\\_Piazhe\\_Geneticheskaya\\_epistemologia.pdf](https://psv4.userapi.com/s/v1/d/DCr6hC3N9vHHAqE_fxZGYtg31eVNeBa182n95ewKNZGVPRtwvewebno3Dc7EBRk9CmW3ChTsfIKVWViqX_ibw6C8uHcSwmeb1J9WZffifSGuVOJW523Pg/Zhan_Piazhe_Geneticheskaya_epistemologia.pdf) [in Russian].
7. Smagulov T.Zh. *Interaktivtik okytu tekhnologiyasy zhane cifrlyq tekhnologiyalary qoldana otyryp, oqu sabaqyn otkizu // «Gylym, bilim, tekhnologiya: HHI qasyrdyn ozekti maseleleri» atty respublikalyq qylymi-tazhiribelik konferenciya materialdary - Qyzylorda, 2023.* — B.214 - 217. [in Kazakh].
8. Qozhabekov N.A, Begalieva B.T., Zhymaqul O. *Bilim beru salasyndaqy interaktivti oqytu tekhnologiyalary zhane inovatsiyalyq maseleler // «Gylym, bilim, tekhnologiya: HHI qasyrdyn ozekti maseleleri» atty respublikalyq qylymi-tazhiribelik konferenciya materialdary.* — Qyzylorda, 2023. — B.185-189. [in Kazakh].
9. Orazova S.A. *Interaktivti oqytu tekhnologiyalaryn qoldanu // «Gylym, bilim, tekhnologiya: HHI qasyrdyn ozekti maseleleri» atty respublikalyq qylymi-tazhiribelik konferenciya materialdary.* — Qyzylorda, 2023. — B.16-20. [in Kazakh].
10. Arymbaeva K.M., Uteeva G.T. *Formirovanie social'noj aktivnosti studentov v vuze interaktivnym itekhnologiyami // materialy respublikanskoj nauchno-prakticheskoy konferencii «Nauka, obrazovanie, tekhnologiya: aktual'nye problemy XXI veka».* — Qyzylorda, 2023. — S.16-20. [in Russian].
11. Krasnokutskaya N.A. *Sovremennye metody obucheniya predmeta «istoriya Kazahstana» // Trudy 6-j Mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii «Teoreticheskie gipotezy i empiricheskie rezul'taty».* — Oslo, 2024. S.138-141. [in Russian].
12. Qyrqyzhan G.A. *Zamanaui mekteptiń 5-7 synyptarynda Qazaqstan tarihyń oqytudaqy cifrlyq tekhnologiyalary qoldanudyn teoriyalıq zhane praktikalıq maseleleri. Filosofiya doktory (PhD) qylymi darezhesin alu ushin dajyndalqan dissertaciya.* Almaty, 2022. 156 b. [in Kazakh].
13. Tashenev M.Zh. *Interaktivnye metody obucheniya istorii v vuze // Vestnik KazNU. Seriya istoricheskaya.* — 2016.—№4. — C.182-185. [in Russian].
14. Daniyarova A.E. *Primenenie interaktivnyh metodov pri provedenii prakticheskogo (seminarskogo) zanyatiya v processe izucheniya istorii Kazahstana // Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya «Istoriya. Filosofiya».* — 2025. — №1. — S.102-110. [in Russian].
15. Alimov A.K. *Interbelsendi oqu adistemesin mektepte qoldanu. Oqu quraly / A.K. Alimov.* — Astana: «Nazarbaev Ziyatkerlik mektepteri» DBBU Pedagogikalıq sheberlik ortalyqy, 2014.-188 bet. [in Kazakh].

16. Mynbaeva A.K. *Innovacionnye metody obucheniya, ili Kak interesno prepodavat': uchebnoe posobie* / A.K. Mynbaeva, Z.M. Sadvakasova. – 11-e izd. — Almaty: Qazaq universiteti, 2019. — 462 s. [in Russian].